

"Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 28 қарашадағы № 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 қарашада № 35429 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 23 желтоқсандағы № 133 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 23.12.2025 № 133 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы №129 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау мен бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларында:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 151-бабының 14 және 16-тармақтарына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 5 және 21-тармақтарына, 154-бабының 13-тармағына, 157-бабының 10 және 11-тармақтарына, 159-

бабының 3 және 4-тармақтарына, 187-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамалар жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 151-бабының 14 және 16-тармақтарына, 152-бабының 6-тармағына, 153-бабының 5 және 21-тармақтарына, 154-бабының 13-тармағына, 157-бабының 10 және 11-тармақтарына, 159-бабының 3 және 4-тармақтарына, 187-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және барлау және қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдардың бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін, білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жоба шеңберінде бюджеттік инвестицияларын жоспарлау және іске асыру тәртібін қоспағанда, мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамалар жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау тәртібін белгілейді.";

184-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"184. БИЖ-ді іске асыру мониторингі нақты алынатын нәтижелерді БИЖ-ді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында ықтимал ауытқуларды уақтылы анықтау үшін экономикалық қорытындыға/инвестициялық ұсынысқа/БИЖ ТЭН/Инвестициялардың ҚЭН сәйкес есепті күнге жоспарланған нәтижелермен салыстыру жолымен жүргізіледі.

ББӘ БИЖ-дің іске асырылу мониторингінің қорытындылары бойынша жылдық есептің нәтижелерін қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖАЖ арқылы ұсынады."

186-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"186. Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын республикалық БИЖ-ді және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

Жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептері негізінде жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингі бойынша есептерді мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында тоқсан сайын жариялайды.";

191-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"191. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қажетті ақпаратты тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 (оны) күніне дейін қазақ және орыс тілдерінде электрондық жеткізгіште дайындайды және мыналарды:

1) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру жоспар-кестесін;

2) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның паспортын қамтиды.";

197-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"197. ББӘ республикалық БИЖ-ді, жергілікті БИЖ-ді, сондай-ақ тиісті бюджетті жоспарлау (нақтылау) кезінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын жобалардың іске асыру мониторингі нәтижелерін БИЖ-ді іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпаратты ескере отырып пайдаланады.

Бюджеттік бағдарлама басшысы республикалық және жергілікті БИЖ-ді іске асыру мониторингін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидалардың 189, 191, 193 және 194-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде жүргізуді және оның нәтижелерін уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.";

199, 200 және 201-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"199. БИЖ және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау объект пайдалануға енгізілгеннен және/немесе сәйкесінше ҚЭН-де көзделген іс-шаралар аяқталғаннан кейін келесі жылы жүргізіледі.

Егер БИЖ белгіленген мерзімдерде пайдалануға енгізілмеген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері БИЖ-дің іске асырылуын бағалау бойынша ақпаратты кейінгі жылдары объекті пайдалануға берілгеннен соң мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Егер ҚЭН-де көзделген іс-шаралар белгіленген мерзімдерде аяқталмаған жағдайда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері немесе жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Инвестициялардың іске асырылуын бағалау жөніндегі ақпаратты кейінгі жылдары ҚЭН-де көзделген іс-шаралар аяқталғаннан соң ұсынады.

Бұл ретте республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері объектіні уақтылы пайдалануға бермеудің және ҚЭН-де көзделген іс-шаралардың уақтылы аяқталмауының себептері туралы ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға ұсынады.";

200. БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау мыналарды:

1) ББӘ-ден осы Қағидаларға 27 және 31-қосымшаларға сәйкес бюджеттік инвестицияларды дайындау мен іске асырудың жоспар-кестесін және жобаның паспортын қамтитын ақпарат жинауды;

2) БИЖ және Инвестициялардың қол жеткізілген тікелей нәтижелерін (өнім шығару, қызмет көрсету) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ ТЭН/Инвестициялардың ҚЭН/инвестициялық ұсыныста көзделген көрсеткіштермен салыстыру арқылы оларды талдауды;

3) БИЖ-дің және Инвестициялардың іске асырылуын бағалау бойынша жиынтық есепті дайындауды көздейді.

Нақты көрсеткіштердің Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында және/немесе БИЖ ТЭН-інде және Инвестициялардың ҚЭН-інде бұдан бұрын жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуы анықталған БИЖ бен Инвестицияларды тиімді басқару мақсатында жүйелі және жедел шаралар бойынша ұсынымдар қалыптастырылады.";

201. БИЖ-дің іске асырылуына бағалау жүргізу үшін ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай есептілік құрамында ұсынылады:

1) осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік инвестицияларды дайындау және іске асыру жоспар-кестесі;

2) осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес республикалық бюджеттік инвестициялық жобалар мен республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын жобалардың іске асырылу мониторингі бойынша есептер;

3) осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес жоба паспорты;

4) осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараларды іске асыру мониторингі бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есептері.";

214-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"214. Инвестициялар мониторингі мыналарды:

1) республикалық немесе жергілікті бюджеттен тартылған Инвестициялар есебінен іске асырылатын іс-шараның барысы туралы ақпарат жинауды;

2) заңды тұлға Инвестициялар есебінен іске асыратын іс-шаралар нәтижелерінің нақты қол жеткізілген көрсеткіштерін және Инвестициялар ҚЭН-інде және (немесе) мемлекеттік органдардың даму жоспарларында және (немесе) заңды тұлғалардың стратегиялық даму құжаттарында жоспарланған тиісті нәтижелерді салыстыру арқылы әрбір кезеңде қол жеткізілген өткізу көлемдері мен шығындарды, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептерін талдауды;

3) есепті кезең ішінде орындалған жұмыстардың нақты және жоспарлы көлемдері мен қаржы қаражатын игеру сомасы туралы ақпаратты қамтитын Инвестициялардың іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері туралы есеп дайындауды қамтиды.

ББӨ Инвестициялардың іске асырылу мониторингінің нәтижелерін қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖАЖ арқылы ұсынады.";

217-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"217. ББӨ-нің республикалық Инвестициялар және республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялар бойынша есебін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

ББӨ-нің жергілікті Инвестициялар бойынша есебін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізеді.

ББӨ республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингі бойынша есептерді мемлекеттік органның ресми интернет-ресурстарында тоқсан сайын жариялайды.";

224-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"224. ББӨ Инвестицияларды іске асырудан экономикалық және әлеуметтік қайтарымдылықтың ұзақ мерзімді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпаратты ескере отырып, республикалық Инвестициялардың, жергілікті Инвестициялардың және тиісті бюджетті жоспарлаған (нақтылаған) кезде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері мен кредиттер есебінен іске асырылатын Инвестициялардың іске асырылу мониторингінің нәтижелерін қолданады.

Бюджеттік бағдарлама басшысы республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингін уақтылы жүргізуді және оның

нәтижелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе тиісті орталық мемлекеттік органға осы Қағидалардың 220 және 221-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде ұсынуды қамтамасыз етеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бірінші басшылары республикалық және жергілікті Инвестициялардың іске асырылу мониторингін уақтылы жүргізуді және оның нәтижелерін осы Қағидалардың 215-тармағында көрсетілген мерзімдерде бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне ұсынуды қамтамасыз етеді.";

10, 11, 12, 13, 26, 27, 28, 31, 38 және 39-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

29, 32 және 33-қосымшалар алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Инвестициялық саясат департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

Н. Байбазаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 104 Бұйрыққа
1-қосымша
Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік

инвестицияларды жоспарлау,
 қарау, іріктеу, іске асырылуын
 мониторингілеу және
 бағалау және бюджеттік
 кредиттеудің орындылығын
 айқындау қағидаларына
 10-қосымша
 Әкімшілік деректерді жинауға
 арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жобаның ең аз шығындарын талдау көрсеткіштері _____.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ЖЕАШТК.

Жиілік: біржолғы.

Есепті кезең: __ күні __ айы __ жыл.

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

Нұсқалар	Атауы	Ескертпе (негіздеме техникалық - экономикал ы қ негіздемеге сілтеме, сараптамала р)	жыл	жыл	жыл	n	Жиыны
1-нұсқа	Инвестиция л ы қ шығындар						
	Пайдалану шығындары						
	Бірінші нұсқа бойынша жиыны						
	Шығындардың ағымдағы құны						
2-нұсқа	Инвестиция л ы қ шығындар						
	Пайдалану шығындары						
	Екінші нұсқа бойынша жиыны						

	Шығындардың ағымдағы құны						
n-нұсқа	Инвестиция						
	л ы қ						
	шығындар						
	Пайдалану						
	шығындары						
	n-нұсқасы бойынша жиыны						
	Шығындардың ағымдағы құны						

"Жобаның ең аз шығындарын талдау көрсеткіштері _____" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Жобаның ең аз шығындарын талдау көрсеткіштері _____" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1- ЖЕАШТК (біржолғы)

- бағанда нұсқа көрсетіледі;

2-бағанда параметрдің атауы көрсетіледі;

3-бағанда ескертпе (негіздеме техникалық-экономикалық негіздемеге сілтеме, сараптама) көрсетіледі;

4-n -бағандарында параметрлердің мәндері іске асыру жылдары бойынша көрсетіледі;

соңғы бағанда жиынтық қосынды мәндері көрсетіледі.

1-жолда инвестициялық шығындар көрсетіледі;

2-жолда пайдалану шығындары көрсетіледі;

3-жолда бірінші нұсқа бойынша жиынтық мән көрсетіледі;

4-жолда шығындардың ағымдағы құны көрсетіледі.

Ең аз шығындарды талдаудың барлық нұсқалары жоғарыда көрсетілген сипаттамаға сәйкесресімделеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 104 Бұйрыққа
2-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің

орындылығын айқындау
қағидаларына
11-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жоба шығындарының тиімділігін талдауға арналған көрсеткіштер _____.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 2-ЖШТТАК.

Жиілік: біржолғы.

Есепті кезең: __ күні __ айы __ жыл.

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

Нұсқалар	Көрсеткіштің атауы	Ескертпе (негіздеме, техникалық - экономикал ы қ негіздемеге сілтеме, сараптамала р)	жыл	жыл	жыл	n	Жиыны
1-нұсқа	Инвестиция л ы қ шығындар						
	Пайдалану шығындары						
	Бірінші нұсқа бойынша жиыны						
	Шығындардың ағымдағы құны						
	Тауарларды , жұмыстард ы , көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі						
	Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір						

	бірлігіне шаққандағы үлестік шығасылар						
2-нұсқа	Инвестиция л ы қ шығындар						
	Пайдалану шығындары						
	Екінші нұсқа бойынша жиыны						
	Шығындардың ағымдағы құны						
	Тауарларды , жұмыстард ы , көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі						
	Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігіне шаққандағы үлестік шығындар						
n-нұсқа	Инвестиция л ы қ шығындар						
	Пайдалану шығындары						
	n нұсқа бойынша жиыны						
	Шығындардың ағымдағы құны						
	Тауарларды , жұмыстард ы , көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі						
	Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігіне шаққандағы үлестік шығындар						

"Жоба шығындарының тиімділігін талдауға арналған көрсеткіштер _____
 _____" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша
 "Жоба шығындарының тиімділігін талдауға арналған көрсеткіштер _____
 _____" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

2- ЖШТТАК (біржолғы)

1-бағанда нұсқа көрсетіледі;

2-бағанда көрсеткіштің атауы көрсетіледі;

3-бағанда ескертпе (негіздеме техникалық-экономикалық негіздемеге сілтеме, сараптама) көрсетіледі;

4-н бағандарында параметрлердің мәндері іске асыру жылдары бойынша көрсетіледі;

соңғы бағанда жиынтық қосынды мәндері көрсетіледі.

1-жолда инвестициялық шығындар көрсетіледі;

2-жолда пайдалану шығындары көрсетіледі;

3-жолда бірінші нұсқа бойынша жиынтық мән көрсетіледі;

4-жолда шығындардың ағымдағы құны көрсетіледі;

5-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемінің көрсеткіштері көрсетіледі;

6-жолда тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігіне шаққандағы үлестік шығасылар көрсетіледі.

Шығындардың тиімділігін талдаудың барлық нұсқалары жоғарыда көрсетілген сипаттамаға сәйкес ресімделеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары –

Ұлттық экономика министрі

2024 жылғы 28 қарашадағы

№ 104 Бұйрыққа

3-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық

жобаның инвестициялық

ұсынысын әзірлеу немесе

түзету, оған қажетті

сараптамаларды жүргізу,

сондай-ақ бюджеттік

инвестицияларды жоспарлау,

қарау, іріктеу, іске асырылуын

мониторингілеу және бағалау

және бюджеттік кредиттеудің

орындылығын айқындау

қағидаларына

12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға

арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

Әкімшілік деректер нысаны интернет- ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жобаның экономикалық тиімділігі көрсеткіштерін есептеу _____.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 3-ЖЭТКЕ.

Жиілік: біржолғы.

Есепті кезең: __ күні __ айы __ жыл.

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

№	Атауы	Ескертпе (негіздеме, техникалық - экономикалық негіздемеге сілтеме, сараптамалар)	1	2	3	...	n
1.	Тікелей ақша ағындары						
2.	Жанама экономикалық пайда						
3.	Экономикалық пайда жиыны						
4.	Инвестициялық шығындар						
5.	Пайдалану шығындары						
6.	Жанама экономикалық шығындар						
7.	Жобаның тәуекелдері						
8.	Экономикалық шығындар жиыны						
9.	Таза экономикалық ағын жиыны						
	Таза дисконтталған						

10.	экономикалық ағын жиыны						
11.	Экономикалық таза дисконтталған кіріс (ENPV)						
12.	Экономикалық ішкі кірістілік нормасы (EIRR)						

"Жобаның экономикалық тиімділігі көрсеткіштерін есептеу _____"

әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Жобаның экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеу _____"

әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

3- ЖЭТКЕ (біржолғы)

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда параметрдің атауы көрсетіледі;

3-бағанда ескертпе (негіздеме техникалық-экономикалық негіздемеге сілтеме, сараптама) көрсетіледі;

4-п -бағандарында параметрлердің мәндері іске асыру жылдары бойынша көрсетіледі;

1-жолда инвестициядан кейінгі кезең ішінде жобаны іске асыруға байланысты барлық ақшалай түсімдер мен төлемдер көрсетіледі.

2-жолда жобаны іске асыруға байланысты барлық пайда, оның ішінде инвестициядан кейінгі барлық кезең үшін айқындалатын экономиканың аралас салаларындағы (аяларындағы) қосымша әлеуметтік-экономикалық, экологиялық әсерлер көрсетіледі. Барлық пайда ақшалай баламада (мың теңге) келтіріледі.

3-жолда тікелей ақшалай түсімдердің және жанама экономикалық пайданың жиынтық құны көрсетіледі.

4-жолда инвестициялық кезеңдегі барлық ақшалай салымдарды ескере отырып, жобаның құны, оның ішінде жобалау-іздігіру жұмыстарының, жер учаскесін сатып алу немесе жалға алу, оны құрылысқа бөлу және игеру құны, аумақты құрылысқа және құрылыс-монтаждау жұмыстарына, жабдықтарға дайындау жөніндегі жұмыстардың құны және т.б. көрсетіледі.

5-жолда объектіні пайдалануға берілген сәттен бастап оны сүйемелдеуге және /немесе күтіп-ұстауға бағытталған барлық ақшалай шығындар көрсетіледі.

6-жолда пайдалану шығындарын қоспағанда, жобаны іске асыру салдарымен байланысты барлық болжанатын шығындар, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және экономиканың аралас салаларында

(салаларында) көрсетіледі. Барлық шығындар ақшалай баламада (мың теңге) келтіріледі.

7-жолда 9-қосымшада келтірілген тәуекел құнының шамаларын жиынтықтау арқылы айқындалған ақшалай баламадағы (мың теңге) жоба тәуекелдерінің жиынтық құны көрсетіледі.

8-жолда инвестициялық және пайдалану шығындарының, жанама экономикалық шығындар мен жобаның тәуекелдерінің жиынтық құны көрсетіледі.

9-жолда экономикалық пайда мен шығындар арасындағы айырмашылық көрсетіледі.

10-жолда таза экономикалық ағынды келесі формула бойынша есептелетін коэффициентке көбейту арқылы алынған шамалар көрсетіледі:

1

$k = \frac{1}{(1+r)^i}$

R – 7-қосымшада келтірілген дисконттау мөлшерлемесі;

I – жобаны іске асыру жылының реттік нөмірі (1-ден n-ге дейін).

11-жолда 10-жолда келтірілген таза дисконтталған экономикалық ағынның қосындысы арқылы алынған шама көрсетіледі.

12-жолда экономикалық таза дисконтталған табыс нөлге тең болатын дисконттау мөлшерлемесін табу арқылы алынған шама көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 104 Бұйрыққа
4-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және
бағалау және бюджеттік
кредиттеудің орындылығын
айқындау қағидаларына
13-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy>.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Жобаның экономикалық таза дисконтталған кірістің (ENPV) және экономикалық ішкі кірістілік нормасының (EIRR) сезімталдығын талдау нәтижелері _____.

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 4-ЖЭТДКЭІКНСТН.

Жиілік: біржолғы.

Есепті кезең: __ күні __ айы __ жыл.

Ақпаратты ұсынатын адамдар тобы: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: қажеттілігіне қарай.

"Өткізу көлемі" көрсеткіші бойынша (сұраныс)

Көрсеткіштің атауы	-20%	-10%	0	10%	20%	n
Т а з а дисконтталған кіріс (NPV), мың теңге						
Ішкі кірістілік нормасы (IRR), %						

"Инвестициялық шығасылар көлемі" көрсеткіші бойынша

Көрсеткіштің атауы	-20%	-10%	0	10%	20%	n
Т а з а дисконтталған кіріс (NPV), мың теңге						
Ішкі кірістілік нормасы (IRR), %						

"Пайдалану шығасыларының көлемі" көрсеткіші бойынша

Көрсеткіштің атауы	-20%	-10%	0	10%	20%	n
Т а з а дисконтталған кіріс (NPV), мың теңге						
Ішкі кірістілік нормасы (IRR), %						

"Экономикалық таза дисконтталған кірістің (ENPV) сезімталдығын және жобаның экономикалық ішкі кірістілік нормасын (EIRR) талдау нәтижелері _____" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Экономикалық таза дисконтталған кірістің (ENPV) сезімталдығын және жобаның экономикалық ішкі кірістілік нормасын (EIRR) талдау нәтижелері _____" әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме

4- ЖЭТДКЭІКНСТН (біржолғы)

1-бағанда көрсеткіштің атауы көрсетіледі;

2-п бағанында сезімталдықты талдау үшін мәндер көрсетіледі;

1-жолда таза дисконтталған табыс (NPV) көрсеткішінің мәні мың теңгемен көрсетіледі;

2-жолда кірістіліктің ішкі нормасының мәні (IRR) %-бен көрсетіледі.

Сезімталдықты талдаудың барлық көрсеткіштері жоғарыда көрсетілген сипаттамаға сәйкес ресімделеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 104 Бұйрыққа
5-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
26-қосымша

Ұсынылады: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Іріктелген инвестициялық ұсыныстар тізбесі

Әкімшілік деректер нысанының индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): РУ-Мониторинг-26

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оны) күніне дейін

Р/с №	Жобаның атауы	Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы	Ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізуге арналған а қ ш а қаражатының мөлшері	Ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу кезінде игерілген а қ ш а қаражатының мөлшері	Ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу мерзімдері	Ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ ж о б а техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу барысы туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6	7

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____ қолы

Мөр орны

(жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Іріктелген инвестициялық ұсыныстар тізбесі әкімшілік деректер нысанын толтыру бойынша түсініктеме (РУ-Мониторинг - 26 (индексі) және тоқсан сайын (нысанның жиілігі)

Бағандарда мыналар көрсетіледі:

1-бағанда жобаның реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда жобаның атауы көрсетіледі;

3-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы көрсетіледі;

4-бағанда жобаның техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізуге арналған ақшалай қаражаттың мөлшері көрсетіледі;

5-бағанда жобаның техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу кезінде игерілген ақша қаражатының мөлшері көрсетіледі;

6-бағанда жобаның техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу мерзімдері көрсетіледі;

7-бағанда жобаның техникалық-экономикалық негіздеменін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ жобаның техникалық-экономикалық негіздеменіне қажетті сараптамалар жүргізу барысы туралы ақпарат көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –

Ұлттық экономика министрі
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 104 Бұйрыққа
6-қосымша

Мемлекеттік инвестициялық
жобаның инвестициялық
ұсынысын әзірлеу немесе
түзету, оған қажетті
сараптамаларды жүргізу,
сондай-ақ бюджеттік
инвестицияларды жоспарлау,
қарау, іріктеу, іске асырылуын
мониторингілеу және бағалау
және бюджеттік кредиттеудің
орындылығын айқындау
қағидаларына
27-қосымша

Бюджеттік инвестициялық жобаларды дайындаудың және іске асырудың жоспар-кестесі

Ұсынылады: мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті орган

Әкімшілік деректер нысанының атауы: "Бюджеттік инвестициялық жобаларды дайындаудың және іске асырудың жоспар-кестесі"

Әкімшілік деректер нысанының индексі (РУ-Мониторинг-27):

Жиілігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: _____ жыл

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оны) күніне дейін

р/с №	Жобаның атауы	Техникалық-экономикалық негіздеме не инвестициялық ұсыныс не жобалау-сметалық құжаттама бойынша жобаның құны, мың теңге						Инвестициялық кезең, жылдар			Пайдалану кезеңі, жылдары		Жобаның қуаты заттай түрде		
		жоспар / бекітілген	бюджеттен бөлінді	түзету (егер қолданылатын болса)	игерілді	ауытқу	ауытқу себептері	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
1	2	3	4	5	6	7	8	9		10	11	12	13	14	

кестенің жалғасы

Заттай мәнде жоспарланған жұмыстардың көлемі (компоненттер)	Техникалық-экономикалық негіздеме/қаржылық-экономикалық негіздеме/жобалау-сметалық құжаттама не инвестициялық ұсынысқа сәйкес жұмыстарды/іс-шараларды орындау кестесі												
Компоненттің атауы	оның ішінде												
	20__ жылғы қаңтар					20__ жылғы ақпан					20__ жылғы наурыз		
	жоспар	нақты	ауытқу	ауытқу себептері		жоспар	нақты	ауытқу	ауытқу себептері				
15	16	17	18	19		20	21	22			23		

кестенің жалғасы

Техникалық-экономикалық негіздеме/қаржылық-экономикалық негіздеме/жобалау-сметалық құжаттама не инвестициялық ұсынысқа сәйкес жұмыстарды/іс-шараларды орындау кестесі							
оның ішінде							
20__ жылғы наурыз				n ай n жылғы			
жоспар	нақты	ауытқу	ауытқу себептері	жоспар	нақты	ауытқу	ауытқу себептері
24	25	26	27	28	29	30	31

Атауы

Мекенжайы

Телефоны _____
Электрондық пошта мекенжайы _____

—
Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлiк субъектiлерi болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Место для печати (за исключением лиц, являющихся субъектами частного предпринимательства)

Әкiмшiлiк деректердi жинауға арналған нысанға қосымша

"Мемлекеттiң заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттiк инвестициялық жобаларды және бюджеттiк инвестицияларды iске асыру барысы туралы есеп" әкiмшiлiк деректер нысанын толтыру бойынша түсiнiктеме (индексi - РУ-Мониторинг-27, жиiлiгi: тоқсан сайын)

1. Осы түсiнiктеме республикалық бюджеттiк бағдарламалардың әкiмшiлерi мен жергiлiктi бюджеттiк бағдарламалардың әкiмшiлерiнiң Мемлекеттiң заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы бюджеттiк инвестициялық жобаларды және бюджеттiк инвестицияларды iске асыру барысы туралы есебiн жасауға және ұсынуға арналған.

2. Құндық мәндегi барлық көрсеткiштер ондық таңбасыз мың теңгемен толтырылады.

3. Есепке субъектiнiң бiрiншi басшысы қол қояды. Есептi мемлекеттiк жоспарлау жөнiндегi орталық және жергiлiктi уәкiлеттi орган электрондық және қағаз жеткiзгiште ұсынады.

Бағандарда мыналар көрсетiледi:

1-бағанда жобаның реттiк нөмiрi көрсетiледi;

2-бағанда жобаның атауы көрсетiледi;

3-8-бағандарда жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі не инвестициялық ұсыныс не жобалау-сметалық құжаттама бойынша құны мың теңгемен көрсетіледі;

3-бағанда жоспар/бекітілген көрсетіледі;

4-бағанда бюджеттен бөлу туралы ақпарат көрсетіледі;

5-бағанда түзету көрсетіледі (ол болған жағдайда);

6-бағанда игеру туралы ақпарат көрсетіледі;

7-бағанда ауытқу көрсетіледі;

8-бағанда ауытқу себептері көрсетіледі;

9-10-бағандарда инвестициялық кезең, жылдар көрсетіледі;

9-бағанда жоспар көрсетіледі;

10-бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

11-12-бағандарда пайдалану кезеңі, жылдар көрсетіледі;

11-бағанда жоспар көрсетіледі;

12-бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

13-14-бағандарда жобаның қуаты заттай түрде көрсетіледі;

13-бағанда жоспар көрсетіледі;

14-бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

15-бағанда компоненттің атауы, оның ішінде заттай түрде жоспарланған жұмыстардың көлемі (компоненттер) көрсетіледі;

16-31-бағандарда техникалық-экономикалық негіздеме/қаржылық-экономикалық негіздеме/жобалау-сметалық құжаттама не инвестициялық ұсынысқа сәйкес жұмыстарды/іс-шараларды орындау кестесі туралы ақпарат көрсетіледі, оның ішінде:

16-19-бағандарда кезең (ай, жыл) көрсетіледі;

16-бағанда жоспар көрсетіледі;

17-бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

18-бағанда ауытқу көрсетіледі;

19-бағанда ауытқу себептері көрсетіледі;

20-23 - бағандарда кезең (ай, жыл) көрсетіледі;

20- бағанда жоспар көрсетіледі;

21- бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

22- бағанда ауытқу көрсетіледі;

23- бағанда ауытқу себептері көрсетіледі;

24 – 27-бағандарда кезең (ай, жыл) көрсетіледі;

24- бағанда жоспар көрсетіледі;

25- бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;

26-бағанда ауытқу көрсетіледі;

27- бағанда ауытқу себептері көрсетіледі;

28-31 - бағандарда кезең (ай, жыл) көрсетіледі;
28- бағанда жоспар көрсетіледі;
29-бағанда нақты көрсеткіш көрсетіледі;
